

Бұл «Шетел тілдері» білім беру бағдарламасы (БББ) әртүрлі қазақстандық жоғары оқу орындарының ынтымақтастығымен және халықаралық консультанттарды тарта отырып әзірленген, педагогтарды даярлауға арналған ұлттық білім беру бағдарламасы болып табылады.

«Шетел тілдері» БББ - бұл білім беру мекемелерінде (мектептерде, колледждерде, гимназияларда) шетел тілдерін оқытуға маманданғысы келетін мұғалімдерді жұмысқа кіріспес бұрын даярлау бағдарламасы. БББ 60 академиялық кредит педагогикалық компоненттен (педагогикалық практиканы қоса алғанда), 56 академиялық кредит міндетті компоненттен және 124 академиялық кредит пәндік компоненттен (8 академиялық академиялық кредит қорытынды аттестаттауды қоса алғанда) тұрады.

Пәндік компонент 4 модульден тұрады: "Шет тілдерінің теориялық және қолданбалы аспектілері", "Шет тілдерін оқыту технологиялары: әдістеме және лингводидактика", "Шет тілдері, мәдениет, коммуникация", "Кәсіби саладағы шет тілдері: қолдану".

БББ екі (2) шет тілі, оның ішінде ағылшын тілі (сұраныс бойынша) оқытушысын даярлауға бағытталған, оның таңдауын әрбір аймақтық университеттер жеке аймақтың әлеуметтік қажеттіліктері мен еңбек нарығына байланысты анықтайды.

БББ түлегі 1-ші шет тілін оқыту әдістемесін де, 2-ші ШТ-ні оқытудың әдістемелік негіздері мен қағидаттарын, шет тілдерін оқытудың заманауи технологияларын: STEM, CLIL, жобалық-коммуникативтік тәсілді, сыни тұрғыдан ойлауды дамыту технологиясын т.б. жақсы меңгеруі тиіс.

Бұл БББ-нің ерекшелігі – оқушының ана және бірінші шет тілдеріндегі коммуникативті дағдылары, тіларалық деңгейде коммуникативті дағдылары негізінде оқу үдерісін құрудың коммуникативті-контрастивті (салыстырмалы) сипаты болып табылады.

БББ лингвистикалық және мәдени плюрализмді сақтауға, көптілді тұлғаны, жалпы алғанда, Қазақстанда көптілділікті дамытуға бағытталған; кәсіби өсу үшін тілдік ресурстарды береді және БББ әлемдік түлектер қауымдастығына кіру мүмкіндіктерін қамтамасыз етеді.

БББ болашақ мұғалімдердің құқықтары мен мүдделеріне нұқсан келтірмей, теңдік, сыйластық, толеранттылық қағидаттарын сақтай отырып, оқуға тең мүмкіндіктер береді. Табиғаты жағынан ол пәнаралық, болашақ мұғалімдерге бағытталған, ғылыми интеграцияланған және проблемалық-бағдарланған болып табылады, ал курстарды таңдау тарих пен қоғамның өзекті мәселелерімен анықталады және курстардың халықаралық дескрипторларына сәйкес келеді.

БББ оқыту мен бағалау әдістері, сондай-ақ пәндік курстар бағдарламада көрсетілген құзыреттіліктерге қол жеткізу мен өлшеуді қамтамасыз ететіндей етіп таңдалатын, сындарлы келісім қағидаттарын көздейтін. Сонымен қатар, бағдарлама болашақ мұғалімдердің көпұлтты және көпконфессиялы құрамын

және олардың оқытуды қолдаудағы әртүрлі қажеттіліктерін ескере отырып, инклюзивті тәсілді ұстанады.